

Есту қабілеті нашар балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру үрдісі

Абуова Б.Ж., Латып Н. Е.

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент,
Қазақстан Республикасы

Әрбір өркениетті мемлекеттің алдына қойған басты мақсаты – өз халқының денсаулығын жақсартуды қамтамасыз ету болып табылады. Еліміздің даму бағытын бекіткен Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене тәрбиесімен, спортпен шұғылдану мәселелері - осы басым бағыттардың бірі.

Қазіргі таңда оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және денсаулығын нығайту мәселелері заманауи мектептің инклюзивті білім беру жүйесін дамытудың басым бағытына айналууда.

Осы бағыттың маңызды міндеті - тез өзгертін әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделе алатын, өз бетінше іс-әрекетті, оның ішінде салауатты өмір салтын сақтау жөніндегі іс-әрекетті ұтымды ұйымдастыра алатын білімді, шығармашыл тұлғаны дайындау.

Балалардың денсаулығын нығайтудың мақсатты, жүйелі үрдісін ұйымдастыру - салауатты өмір салтын үйрету болып табылады. Оқытуды дұрыс ұйымдастыра білу - денсаулықты сақтау факторлары туралы түсініктердің қалыптасуына және балаларды салауатты өмір салтына, денсаулыққа зиян іс-әрекеттерден алшақ болуына, болашақта өз денсаулығы мен айналасындағылардың денсаулығына қамқорлық жасауға көмектесіп, жаман әдеттер туралы түсінік қалыптастыруға үйрету қажет.

Есту қабілеті нашар балаларға денсаулықты сақтау туралы білімді, дағдыларды және әдеттерді ерте жастан ғана үйретуге болады. Бұл дағдылар кейіннен адамның жалпы мәдениетінің маңызды компонентіне айналады және бүкіл қоғам үшін салауатты өмір салтын қалыптастыруға және дамытуға әсер етеді. Баланың физикалық әлеуетіне, оның дене шынықтыру, спортпен айналысуы, денсаулығымен айналысуы, демалыс жүйесі және т.б. іс-әрекеттері әсер етеді.

Барлығымызға денсаулық қазіргі қоғамның маңызды әлеуметтік құндылықтарының бірі екендігі белгілі. Демек, біздің зерттеуіміздің басты мақсаты салауатты өмір салтын дамыту мен қалыптастыру жолдарын анықтау болды. Ал оның ішінде есту қабілеті нашар балалардың салауатты өмір салты бізге өте маңызды.

Осыған орай, балаларға салауатты өмір салтын сақтау қажеттілігі үнемі туындайды. Олардың ортасында салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін үш маңызды мақсатты ескеру қажет:

1) ғаламдық - инклюзия жүйесінде балалардың психикалық және физикалық денсаулығын қамтамасыз ету;

2) дидактикалық - мектепке дейінгі жастағы балалар мен мектеп оқушыларын денсаулықты қорғау саласындағы қажетті білімдермен қамтамасыз ету, жұмыс қабілеттілігі мен денсаулықты сақтауға ықпал ете отырып, баланың жарақат алмауына мүмкіндік беретін дағдыларды, әдеттер мен әдепті дағдыға айналдыру;

3) әдістемелік - оқушыларға адамның өмір сүру және даму процестерінің физиологиялық негіздерін, жеке гигиена ережелерін, психикалық бұзылулардың, соматикалық аурулардың, әр түрлі жолмен берілетін инфекциялық аурулардың әсерінен болатын жайттардың алдын-алу, сондай-ақ психотроптық заттардың организмге зиян екенін дәріптеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мен физикалық дамытудың мақсаттары негізінен мектепке жауапкершілікпен жүктелген және де өсіп келе жатқан баланың денсаулығы мықты болу үшін, оны тек мектепке жүктеп қоймай, оған ата-аналардың да қатысуы абзал.

Салауатты өмір салты туралы ақпаратпен танысу отбасында, ал білім беру мекемелеріне қатысты бұл туралы ақпарат балабақшада, содан кейін мектепте жүзеге асырылады.

Есту қабілеті нашар балаларда білім, білік және дағдыларды дамыту, оларды өмірде қолдану ғылыми дәлелденуі қажет және әлеуметтік тәжірибесі болуы керек, мұндай концепцияны ұстанбаса олардың мағынасы жоғалуы мүмкін.

Сондықтан, ата-аналар коррекциялық-тәрбиелеу процесінің белсенді қатысушылары болып, мұғалімдермен талаптардың біртұтастығын сақтауы және баланы тек қауіптен қорғаудың ғана емес, сонымен қатар оны мүмкін болатын қиындықтарға қарсы тұруға дайындаудың, аса қауіпті жағдайлар туралы түсінік беру, сақтық шараларын ескере отырып, оған осы күнделікті өмірде кездесетін қауіптерге бейім мінез-құлық дағдыларын үйрету қажет.

Сонымен қатар педагогикалық мекемелерде мектеп жасына дейінгі дайындық тобында құлағы нашар еститін балалар мен қарапайым балалар - валеология, экология сабақтарында, қоршаған ортамен танысу, күн тәртібі, физикалық іс-қимыл және салауатты өмір салтының басқа да бағыттары жайлы толық ақпарат алып отырады.

Салауатты өмір салтының дұрыс және жемісті нәтижесі болуы үшін есту қабілеті нашар балаларға медициналық және әлеуметтік қолдау көрсетілуі керек, оның ішінде жүйелі бақылау, жеке оқыту және түзету бағдарламаларынан басқа, бала интеграцияланған қоршаған ортамен (әлеуметтік орта) жұмыс істеу сияқты маңызды компонент болуы керек.

Баланың салауатты өмір сүруіне дайындық мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің қызметінің басты бағыты болуы керек. Мұнда есту қабілеті нашар балаларды салауатты өмір салтының қарапайым әдістеріне тікелей үйрету арқылы ғана емес, сонымен қатар ароматерапияны, функционалды музыканы, психогимнастиканы, тренингтерді қолдану арқылы, сондай-ақ отбасымен тығыз қарым-қатынас жұмыс барысында - тақырып бойынша ата-аналармен тәжірибелік жаттығулар өткізу арқылы іске асыруға болады.

Есту қабілеті нашар балаларды жүйелі түрде дене шынықтырумен және спортпен шұғылданудың негізгі мақсаты – қоршаған ортамен жоғалған байланысты қалпына келтіру, қоғаммен қайта қауышу, қоғамдық пайдалы еңбекке қатысу және олардың денсаулығын қалпына келтіру үшін қажетті жағдайлар жасау. Сонымен қатар дене

шынықтыру мен спорт, есту қабілеті нашар балалардың психикалық және физикалық жетілуіне, олардың әлеуметтік интеграциялануына және физикалық реабилитациясына (оңалуына) көмектеседі.

Аталған жұмысты ұйымдастыру барысында қолданылатын негізгі бағыттарды атап өтсек, бұлар:

- спорттық нысандарда және көпшілік демалатын орындарда дене шынықтырумен және спортпен айналысуға тиісті жағдайлар жасау;
- ерекше білімді қажет ететін балаларға білім беру жүйесінде арнайы спорт мектептерін ашу;
- спорт жабдықтарына арналған арнайы инвентарьларды әзірлеу және өндіру;
- адаптивті дене шынықтыру бойынша жаттықтырушыларды, оқытушыларды және мамандарды даярлау;
- арнайы мамандандырылған әдістемелер мен бағдарламаларды әзірлеу және басып шығару.

Спортпен айналысу бірнеше мақсатты көздейді:

1. Спорттың негізгі мақсаты адамның өзіне деген сенімділігін арттыру, көшбасшылық пен жеңіске деген ұмтылысты дәріптеу.

2. Денсаулықты жақсарту, дене құрылысын түзету, өзін сау сезіну мүмкіндігі ретінде.

3. Әлеуметтік-психологиялық бейімделу амалы ретінде, мүдделері ұқсас адамдарды осы ортаға тарту, оның ішінде ұялшақтықпен күрес, сонымен қатар өз мүмкіндіктерін көрсете алу, өз құқықтары үшін күресу іс-әрекеттері қарастырылады.

4. Коммерциялық немесе кәсіпқой спортта кейде адамның физикалық мүмкіндіктерін барынша пайдалануға, сонымен қатар күн керудің негізгі амалы ретінде бағытталады.

Қорытыта айтқанда, салауатты өмір салтын қалыптастыру мектеп жасына дейінгі және есту қабілеті нашар бастауыш сынып оқушыларының дамуының психологиялық-педагогикалық қолдауының негізгі маңызды бағыты - балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, олардың құқықтарын қорғау.

Есту қабілеті нашар балалардың салауатты өмір салтын және олардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру бойынша іс-шаралардың тиімділігі, мұғалімдер мен ата-аналардың өзара іс-әрекеттері мен түсіністігіне байланысты.

Есту қабілеті нашар балаларда салауатты өмір салтын әдетке айналдыру, сонымен қатар дене шынықтыру және спортпен айналысу дағдыларын дамытуға көмектесу керек.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір.

2. Сабиров Хайдар. Оқушылардың денсаулығына байланысты сауаттылығын арттыру мәселелері. – //Мектептегі дене шынықтыру №1-2017 ж.

3. Салауатты өмір салты-заман талабы. Мектептегі дене шынықтыру журналы, 2014ж.